

2009 жылға Екібастұз қаласы азаматтарының жекелеген санаттарына қоғамдық жолаушылар көлігінде (таксиден басқа) жол жүру шығындарын өтеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2009 жылғы 13 наурыздағы N 136/3 қаулысы. Павлодар облысы Екібастұз қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 1 сәуірде N 222 тіркелген. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2010 жылғы 7 мамырдағы N 3-05/74 хаты)

Ескерту. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2010.05.07 N 3-05/74 хаты).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бап 1-тармақ 14-тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 11-бабына сәйкес, Екібастұз қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 29 желтоқсандағы "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің 2009 жылға арналған бюджеттік бағдарламаларының Паспорттарын бекіту туралы" N 770/12 қаулысын орындауда, әрі қала азаматтарының жекеленген санаттарына қоғамдық жолаушылар көлігінде жол жүру үшін шығындарын өтеу мақсатында, Екібастұз қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қалаішілік қоғамдық жолаушылар көлігінде билет құнының 50% көлемінде келесі санаттағы азаматтарға жеңілдікпен жол жүру құқығы белгіленсін:

- 1) жасына байланысты зейнеткерлер;
- 2) 3 топтағы мүгедектер;
- 3) 18 жасқа дейінгі 4 және одан да көп балалары бар көп балалы аналар.

2. Осы қаулының 1 тармағында көрсетілген азаматтарға жеңілдікпен жол жүру құқығын бекіту үшін кондукторға (бақылаушыға) міндетті түрде келесі қ ұ ж а т т а р ұ с ы н ы л у ы қ а ж е т :

- 1) жасына байланысты зейнеткерлер үшін - зейнеткерлік куәлігі;
- 2) 3 топтағы мүгедектер үшін - мүгедектік куәлігі;
- 3) 18 жасқа дейінгі 4 және одан да көп балалары бар көп балалы аналар үшін - "Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министірлігінің зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы" Республикалық мемлекеттік қазыналық бөлімшесінен (келісім бойынша), көп балалы аналардың мемлекеттік арнайы жәрдемақы алатынын растайтын анықтама.

3. "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" (С. Ә. Арыстанов), "Екібастұз қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемелері (Л. П. Векшина), "Екібастұз қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Екібастұз диспетчерлік қызмет орталығы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнымен (М. М. Мұхамеджанов), әрі қоғамдық жолаушылар көлігі мен жолаушылар тасымалдауды іске асыратын кәсіпорындармен (бұдан әрі - Кәсіпорындар) (келісім бойынша) бірлесіп, айына бір рет қоғамдық жолаушылар көлігінің маршруттарында азаматтардың жекеленген санаттарының жолаушылар ағынына мониторингты іске асырсын.

4. "Екібастұз қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Л. П. Векшина) "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне пайыздық қатынаста Екібастұз қаласының қала ішіндегі жолаушыларды тасымалдаудың жалпы көлемінде әр кәсіпорынның қатысуы туралы мәлімет берсін.

5. "Екібастұз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімі" мемлекеттік мекемесі (С. Ә. Арыстанов):

1) азаматтардың жекеленген санаттарын қоғамдық жолаушылар көлігінде тасымалдау бойынша қызметті өтеу туралы Кәсіпорындармен келісім шарт ж а с а с ы н ;

2) Е с е п а й ы р у д ы к ұ р у :

Кәсіпорындарға азаматтардың жекеленген санаттарының қоғамдық жолаушылар көлігінде жол жүру шығындарын осы қаулының 4- тармағына сәйкес әр Кәсіпорынның қатысу үлесі туралы мәліметі бойынша өтеу;

3) Кәсіпорындарға шығынды өтеу осы қаулының 5-тармағының 2- тармақшасында көрсетілген есеп айыру негізінде жүргізілсін.

6. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі және 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарда таратылады.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Екібастұз қаласы әкімінің орынбасарлары А. А. Құрмановаға және Н. В. Дычкоға жүктелсін.

Екібастұз қаласының әкімі

Н. Нәбиев